

**«Информатика» пәні бойынша
4-тоқсандағы жиынтық бағалау тапсырмалары**

1. «Ақпараттық Қазақстан - 2020» ұлттық бағдарламасының мақсаты қандай?

- a) Бағдарлама мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, «ашық мобильді үкімет» құру және ел азаматтары үшін ақпараттық инфрақұрылымға қол жеткізуіне жағдай жасап, ақпараттық қоғамға көшу үшін негіз болды.
- b) Нақты сектордағы нақты жобаларды, экономикалық қолданыстағы секторларын цифрландыру және технологиялық жаңғырту жобаларын дамытуды қамтамасыз ету
- c) Адам капиталын дамыту деңгейін арттыру арқылы елдің цифрлық трансформациясын іске қосуды қамтамасыз ету, дамыту институттарын құру
- d) Сандық технологияларды қолдану арқылы экономиканың даму қарқынын арттыру және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, цифрлық экономикаға көшу үшін жағдай жасау.

2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының (2017) кезеңдерін сәйкестендіріңіз.

1	Экономика салаларын сәйкестендіру	A	Бизнес, ғылым және мемлекет арасындағы тұрақты байланыстары бар технологиялық кәсіпкерлікті және инновацияны дамыту үшін жағдай жасау
2	Цифрлық мемлекетке көшу	B	Өндірістің еңбек өнімділігін және капиталдандыруды арттыратын жаңа технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып түрлендіру
3	Цифрлық Жібек жолын іске асыру	C	Мәліметтерді беру, сақтау және өңдеу үшін жоғары жылдамдықты және қауіпсіз инфрақұрылымды дамыту
4	Адам капиталын дамыту	D	Қажеттіліктерін болжай отырып, мемлекеттің функцияларын халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде түрлендіру
5	Инновациялық экожүйе құру	E	Білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін «креативті қоғам» құру

1	2	3	4	5

[4]

3. Blockchain технологиясының жұмыс істеу принципі бойынша қадамдарының дұрыс ретін көрсетіңіз.

№	Әрекеттер қадамы
	Әр қатысушы блокты өзінің деректер қорына енгізеді
	Транзакциялар жүйеге беріледі де, «жаңа блок» жинақталады
	Блок «блоктар тізбесіне» енгізіледі
1	Ақша аударады
	Блоктар тексерілу үшін жүйеге (қатысушыларға) беріледі

6	Ақша аударылды, транзакция аяқталды
---	-------------------------------------

[5]

4. Төменде берілген заңдарға сәйкес жағдаяттарды сызықша арқылы көрсетіңіз.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар» туралы заңы	Электронды үкімет порталында рұқсатсыз басқа біреудің анықтамаларды белгілі мақсатта қолданбауын қамтамасыз етеді
«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң	Телекоммуникация желілерін қорғау, олардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді
«Ақпараттандыру туралы» заңы	Жеке тұлға үшін мемлекеттік құжаттарға қол жеткізу құқығын береді және ақпарат иелерінің жауапкершілігін қамтамасыз етеді
«Электрондық құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы» заң	Кез келген тұлғаның зияткерлік меншігін негіздейді

[4]

5. «Авторлық құқықты» қамтитын объектілерді көрсет:

- а) әдеби және сценарийлік шығармалар, музыкалық шығармалар
- б) ақпарат пен репутация
- с) Интернет ресурстары
- д) Еңбек нарығындағы көптеген кәсіптер

6. egov.kz порталында тұлғаны анықтау үшін орындалатын әрекеттерді белгілеңіз.

+	Әрекеттер
	Мөр басылған мекеме анықтамасын сканерлеу
	Электронды цифрлық қолтаңба арқылы авторизациялайды
	Қарапайым қағазға қойылған қолтаңбаны көрсету
	Бір реттік пароль алу арқылы порталға енеді
	Ашық және жабық криптографиялық кілтті қолданады
	Төлқұжат көшірмесін сайтқа жүктейді

7. Көп балалы аналар электронды үкімет порталын қандай мақсаттарда қолдана алады?

- а) Мемлекеттік органдардың web-сайттарын ұсынады
- б) Мекен-жай анықтамасын алу, төлемдерді жүзеге асыру, балабақша кезегі туралы ақпарат алу
- с) Жеке кәсіп ашу
- д) Басқа адамдарға қамқорлық жасау